

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**«Ө. СҰЛТАНҒАЗИН АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМҚ**

«БЕКІТЕМІН»

**Ө. Сұлтанғазин атындағы
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университетінің
ректоры**

Е. Әбіл

18.09. 2018 ж.

**ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ҚМПУ Е 47

Көшірме	Код	Басылым	Әзірленді	Келісілді	Келісілді
			Н. Медетов	Р.Бекмагамбетов	Б.Кадыржанова
	ҚМПУ Е 47	бірінші			

**Қостанай
2018**

РМК ШЖҚ «Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті»	Мерзімі: 18.09.2018 ж.	Басылым: бірінші
Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы туралы ереже	ҚМПУ Е 47	4 беттің 2-сі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы «Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті» ШЖҚ РМК құрылымдық бөлімшесі болып табылады, ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректордың қарамағында.

1.2. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы өз қызметінде ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 – Ш «Білім туралы Заңы»; 2011 жылғы 18 ақпандағы №407-IV «Ғылым туралы Заңы»; «Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастыру ережесін», ҚР Білім және ғылым министрлігінің нұсқаулары мен нұсқаулық құжаттарын, басқа да қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ университет Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

1.3. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасын ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар, ЖОО-да ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар ректор тағайындайтын басшы басқарады.

1.4. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының құрылымы мен құрамы университеттің штаттық кестесімен анықталады.

2. НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

Басқарманың негізгі міндеттері:

2.1. Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік жұмысын үйлестіру.

2.2. ЖОО-ның әлемдік білім кеңістігіне кірігуіне, білім беру және ғылыми қызмет аясының айтарлықтай кеңеюіне ықпал ету.

2.3. Университеттің оқытушылары мен студенттерінің халықаралық және республикалық ғылыми бағдарламаларға, ғылыми-білім беру жобаларына, ғылыми тағылымдамаларға қатысуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

2.4. Университет оқытушылары мен студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша есеп береді.

2.5. Ректордың бұйрықтарын, ғылыми кеңестің шешімдерін және оқытушылар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мәселелері бойынша университеттің ғылыми - әдістемелік кеңесінің ұсыныстарын іске асырады.

2.6. Факультетте (кафедрада), ЖОО-да студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасау бойынша кафедралардың ғылыми қызметін бақылауды жүзеге асырады.

2.7. Студенттер, оқытушылар және жас ғалымдар үшін халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар, симпозиумдар, кеңестер, "дөңгелек үстелдер" және басқа да ғылыми іс-шаралар өткізуді жоспарлайды, ұйымдастырады және бақылайды.

2.8. Нысаналы дайындық бойынша оқитын магистранттар мен докторанттардың есебін және бақылауын жүргізеді.

2.9. Университетте студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын дайындау сапасының мониторингі.

2.10. Факультеттер мен кафедраларда СҒЗЖ үшін жауаптылардан жоспарлар мен есептерді қабылдайды.

2.11. Әр түрлі деңгейдегі ғылыми іс-шараларды (студенттік конференциялар, конкурстар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, кеңестер, көрмелер) өткізуді ұйымдастырады.

РМК ШЖК «Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті»	Мерзімі: 18.09.2018 ж.	Басылым: бірінші
Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы туралы ереже	ҚМПУ Е 47	4 беттің 3-сі

2.12. Университеттің оқытушылары мен студенттерінің ғылыми гранттар, мемлекеттік және халықаралық қорлар мен ұйымдардың стипендиялары мен сыйлықтарын алу конкурстарына қатысуын қамтамасыз етеді.

2.13. Университеттің сыртқы байланыстары мен халықаралық қызметінің нәтижелері бойынша есеп жүргізеді; жоғарыда көрсетілген қызметтің сапасына мониторинг жүргізеді.

2.14. Ректордың бұйрықтарын, Ғылыми кеңестің шешімдерін және университеттің халықаралық қызметі мен сыртқы байланыстары мәселелері бойынша университеттің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің ұсыныстарын іске асырады.

2.15. Халықаралық қызметті перспективалық жоспарлауды жүзеге асырады, шетелдік жоғары оқу орындарымен және ұйымдармен ынтымақтастық туралы жоспарлар мен шарттарды дайындауға басшылық жасайды; халықаралық ынтымақтастық туралы шарттарға қол қоюды қамтамасыз етеді.

2.16. Баспа қызметіне қатысатын тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

2.17. Ғылым жетістіктерін насихаттауды жүзеге асырады

3. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері университет ректоры бекіткен лауазымдық нұсқаулықтармен анықталады.

Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының құқығы:

3.1. Өзінің функционалдық міндеттерін орындау үшін факультет декандарының ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарларын, кафедра меңгерушілерін тарту, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдау.

3.2. Орындаушылардан құжаттарды жасау бойынша талаптарды бұза отырып дайындалған немесе дұрыс ресімделмеген құжаттарды пысықтауды талап етуге.

3.3. Ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректормен өзінің лауазымдық міндеттері мен құқықтарын орындау бойынша өз қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді келісу.

3.4. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларынан және өзге де мамандардан өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқығы бар.

Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы жауапты болады:

3.5. Университеттің халықаралық қызметіне байланысты есептік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар.

3.6. Шетелдік жоғары оқу орындарымен және ұйымдармен ынтымақтастық туралы жоспарлар мен шарттарды жобалау және халықаралық ынтымақтастық туралы шарттарға қол қою.

3.7. ЖОО-ның әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуіне ықпал ету.

3.8. Халықаралық байланыстар басқармасы қызметінің бағыттары мен стратегиялық жоспарлау және университеттің жылдық Жоспары негізінде өз жұмысын жоспарлау.

3.9. Бекітілген номенклатураға және жоғары оқу орындарында іс жүргізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуі тиіс құжаттама.

3.10. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының қызметкерлері ҚР Еңбек кодексінде және лауазымдық нұсқаулықтарда көзделген міндеттерді орындамағаны үшін заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

РМК ШЖҚ «Ө. Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті»	Мерзімі: 18.09.2018 ж.	Басылым: бірінші
Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы туралы ереже	ҚМПУ Е 47	4 беттің 4-сі

3.11. Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасының қызметкерлері ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректор алдында өз қызметі туралы есеп береді.

4. ЛИКВИДАЦИЯ

Ғылым және халықаралық байланыстар басқармасы ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша немесе университет жойылған жағдайда ректордың бұйрығымен жойылады.